ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ-ИНТЕРНАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ
ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ-ИНТЕРНАТ ИМЕНИ
ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ
ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ**

2024 жыл 29 тамыз

№ 398

**2024-2025 оқу жылына педагогикалық, әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестік, шығармашылық топтары, озық тәжірибе мектебі, жас маман мектебінің ережелерін бекіту туралы**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия- интернаты» КММ шығармашылық қызметінің заңдылық қағидатын қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.2024-2025 оқу жылына Педагогикалық кеңес туралы Ережесі бекітілсін *(қосымша 1).*

2. 2024-2025 оқу жылына Әдістемелік бірлестіктің Ережесі бекітілсін *(қосымша 2).*

3. 2024-2025 оқу жылына Әдістемелік кеңес туралы Ережесі бекітілсін *(қосымша 3).*

4. 2024-2025 оқу жылына Шығырмашылық тобы туралы Ережесі бекітілсін *(қосымша 4).*

5. 2024-2025 оқу жылына Озық тәжірибе мектебі туралы Ережесі бекітілсін *(қосымша 5).*

6. 2024-2025 оқу жылына Жас маман мектебі туралы Ережесі бекітілсін *(қосымша 6).*

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз атыма қалдырамын.

Негіздеме: 2024 жылының 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің қаулы

**Директор** **Ы.Келинбердиева**

*Қостанай облысы білім басқармасының «Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ директорының 2024 жылғы 29 тамыздағы № 398 бұйрығына*
*Қосымша 4*

**Шығармашылық тобы**

**1. Жалпы ереже**

1. Шығармашылық тобы – бұл мектеп дамуын басым бағыттары бойынша қамтамасыз ететін, мәселелерді оңтайлы шешу жолдарын іздестіру мақсатында жаңашылдықты анықтауға, құруға, қорытуға және енгізуге негізделген шығармашылық тұрғыда біріккен кәсіби педагогтар бірлестігі.
2. Шығармашылық топ өз жұмысында білім саласына қатысты ҚР заңдылықтарын басшылыққа алады.
3. Шығармашылық топ жетекшісі және оның құрамы мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.
4. Шығармашылық топ өз құрамынан төрайым және хатшыны сайлайды.
5. Шығармашылық топ отырысы оның құрамының үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы күшінде деп есептеледі
6. Оқу жылы аяғында шығармашылық топ құжаттары сақтау үшін әдістемелік бөлімге қабылданады (сақтау мерзімі 5 жыл).
7. Шығармашылық топ қызметін бақылауды әдістемелік жұмыс бойынша мектеп директорының орынбасары жүзеге асырады.

II. **Шығармашылық топ қызметінің мақсаты мен міндеттері**

8. Мектептегі шығармашылық топ қызметінің мақсаты мектеп педагогтарының шығармашылық белсенділігін дамыту, кәсіби біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және жетілдіру.
9. Алға қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер шешіледі:
   -ортақ қызмет барысында кәсіби мәселелерді шешу;
   -инновациялық үрдісті меңгеруде бір-біріне көмек беру;
   -шығармашыл пікірлес-педагог ұжымын қалыптастыру;
   -жаңа педагогикалық әдістемелерді, технологияларды, дидактикалық материалдарды, сабақтар дайындау, құру, апробациялау және кеңінен тарату.

III. **Шығармашылық топ қызметін ұйымдастыру**

10. Шығармашылық тобы әкімшіліктің бастамасымен құрылады.
11. Шығармашылық топ қызметі осы Ережемен және шығармашылық топтың ағымдық оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен реттеледі.
12. Педагогтарының шығармашылық тобы ағымдық оқу жылына арналған өз жұмысының жоспарын құрады.
13. Шығармашылық топ жетекшісі шығармашылық топ мүшелері таңдаған және ұжымның нәтижелі қызметінің формаларын ұйымдастыру дағдыларын меңгерген педагог болып табылады.
14. Жетекші шығармашылық топ жұмысының тақырыбын, әдістері мен формаларын құру стратегиясын ұсынады, материалдарды қорытады, жүйелейді, ұсыныстарды талдайды және оларды топ талқысына шығарады.
15. Шығармашылық тобы барлық мәселені алқа болып шешеді, әрқайсысы қарастырылған тақырыпты дайындауға қатысады.

16. Шығармашылық топ мүшелері өзіндік практикалық материалдарын ұсынады, топ жетекшісінің және ұжымның шығармашылық тапсырмаларын орындайды, ұсынылған материалдарға қатысты өз пікірін білдіреді.
17. Шығармашылық топ отырысы тоқсанына бір рет өткізіледі.
18. Шығармашылық топ жұмысының формасы іс-әрекеттің нәтижелі сипатында болады: теориялық баяндамалар, хабарламалар, семинар-практикумдар, пікірталастар, нікірсайыстар, іс-әрекеттің ашық көрсетілімі.
19. Шығармашылық топ жұмысының қорытындысы педагогикалық кеңесінде тыңдалады.

## Шығармашылық топ мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

**Шығармашылық топ мүшелерінің құқықтары**

20. Топ мүшелерінің құқығы бар:

- шығармашылық топ жұмысының жоспарын мектеп жұмыс жоспарына және оның даму бағдарламасына енгізу туралы ұсыныс беруге;
-шығармашылық топ мүшелерінің және басқа да педагогтарының педагогикалық шығармаларын, инновацияларды апробациялауға, тәжірибеге енгізуге.

**Шығармашылық топ мүшелерінің міндеттері**

21. Шығармашылық топ мүшелері міндетті:

- педагогтардың жаңа идеяларымен танысуға, басым идеяларды айқындауға;
-педагогтар арасында өзара көмекті, өзара оқытуды жүзеге асыруға;
-ұсынылған идеялардың механизмін, алгоритмін, әдістеме формасында жүзеге асыру жөніндегі шығармашылық үрдісті ұйымдастыруға.

**Шығармашылық топтың құжаттары мен есебі**

22. Шығармашылық топ жетекшісі келесі құжаттардың болуына, мазмұнына, оның жүргізілу мәдениетіне жауапкершілік алады:
-шығармашылық топтың жұмыс жоспары;
-шығармашылық топ отырысының хаттамасы, онда талқыланған мәселелер, құрылған идеялар, нұсқаулар педагогтардың шешімі, сабақ конспектісі, ұсыныстары түрінде тіркеледі. әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулар, құралдар шығармашылық топ жұмысының нәтижесіне дәлел болады.
-шығармашылық топ есебі.